

«Teniz Capital Investment Banking» АҚ
Қазақстан Республикасы, 050059,
Алматы қ-сы, Назарбаев даң., 240 г
тел.: +7 (727) 355 37 22
e-mail: info@tenizcap.kz
web: www.tenizcap.kz

АО «Teniz Capital Investment Banking»
Республика Казахстан, 050059,
г. Алматы, пр. Назарбаева, 240 г
тел.: +7 (727) 355 37 22
e-mail: info@tenizcap.kz
web: www.tenizcap.kz

«Teniz Capital Investment Banking» JSC
Nazarbayev Ave. 240 g, Almaty,
050059, Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (727) 355 37 22
e-mail: info@tenizcap.kz
web: www.tenizcap.kz

ИСХ:629
01.09.2026

Қазақстан қор биржасы» АҚ

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Талғат Салихов «Teniz Capital Investment Banking» АҚ-ның Басқарма төрағасы болып тағайындалды

«Teniz Capital Investment Banking» АҚ Директорлар кеңесі Талғат Максұтұлы Салиховты 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап Банктің Басқарма төрағасы қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдады. Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалғанға дейін Талғат Салихов «Teniz Capital Investment Banking» АҚ-ның тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, сондай-ақ Стратегия, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы болып жұмыс істеді.

Талғат Салиховтың инвестициялық банкінг, корпоративтік қаржы, тікелей инвестициялар және инвестициялық активтерді басқару салаларында 12 жылдан астам кәсіби тәжірибесі бар. Бұған дейін «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ Басқарма мүшесі әрі қаржылық консалтинг және инвестициялық банкінг бөлімшесінің басшысы қызметін атқарған. Кәсіби еңбек жолын PwC компаниясында бастап, Қазақстан мен Ресейдегі корпоративтік қаржы жобаларына қатысты. University of Nottingham университетін «Азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен және Imperial College London университетін «Көлік және бизнес-менеджмент» мамандығы бойынша магистр дәрежесімен тәмамдаған.

2026 жылғы 01 қыркүйектен бастап, «Teniz Capital Investment Banking» АҚ Басқармасы төрт мүшені қамтиды:

1. Салихов Талғат Максұтович – Басқарма төрағасы;
2. Касенова Айгуль Оразалиевна – Басқарма мүшесі;
3. Даулет Ерасыл Алтынбайұлы – Басқарма мүшесі;
4. Оразбаева Дана Мухамбетаблаевна – Басқарма мүшесі.

Талғат Салихов Басқарма төрағасы лауазымын атқарған Анзор Боташевты ауыстырды, ол бұл лауазымда 2025 жылдың сәуір айынан бастап жұмыс істеген болатын.

**Құрметпен,
«Teniz Capital Investment Banking» АҚ
Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы**



Касенова А. О.